



759

7C86



Мәдениет  
университетінің  
тыңдаушыларына  
көмек

А. ЖҮБАНОВ

**ҚАЗАҚТЫҢ**  
**ХАЛЫҚ**  
**КОМПОЗИТОРЛАРЫ**

## САРМАЛАЙ

Сармалай (әкесінің аты белгісіз) 1835 жылдар шамасында қазіргі Батыс Қазақстан өлкесі, Орал облысы, Фурманов ауданына қарасты Талдықұдық деген жерде туды. Шын аты Садық. Бірақ малайлықта көп жүріп, Сармалай атанып кетсе керек. Сол өңірде орыс, украиндар аралас көшіп келіп қоныстанған поселке болыпты. Сармалай онда Петушок деген байдың малын бағады. Сармалай сыбызғыға кішкентайынан қызығады. Әсіресе бақташылық өмір, Сармалайдың күн қысқарту талабын сыбызғыға бұрады. Сыбызғы болса домбыра, қобыз сияқты ағаштан әдейі шеберлеп жасауды тілемейді. Далада өсіп тұрған сыбызғы құрайды кесіп алады да, бірнеше жерден бармақ басатын тесік жасап алып, ойнай береді.

Ауыл дегендердің өзіне тән дәстүрлері болады. Бір ауыл болса — әнді-күйді, өлең-жырды сүйсіді. Бір ауыл болса ат жаратып, жүйрік тазы ұстап, құс салуды маңызқ қылады. Бір ауыл болса — малдың басып санап, соны ғана қанағат етіп, отыра береді. Ал Сармалай өскен ортада сыбызғыда ойнау дәстүрге айналып кетсе керек. Сармалайдың әкесі де жақсы сыбызғышы болыпты, берекелірек келгенсін аурулықтан қойып кетіпті дейді. Сармалайдың жастайынан сыбызғыға құмар болуына қарағанда осы әңгімелердің жапы бар сияқты.

Сармалай баққан малына да ұқыпты, кешке қарай жастар арасында болып тұратын ойындарда да қадірлі болады. Оны ауылдың көрі — жасы бірдей жақсы көреді. Ойын — жиын болса ол арада Сармалай болады. Оның жүрген жері думан болады. Күндізгі өмірі малмен байланысты болса да, соның арасынан уақыт тауып, Сармалай сыбызғысын одан әрі дамыта, шыңдай береді.

Өз аулының әңгімеші, сыбызғышы, домбырашы шалдарының білгендерін менгерумен қатар ол кей кездерде басқа ауылға барып келіп те жүрді. Әйтеуір сыбызғыда біреу бұл естімеген күйді тартады екен десе, Сармалай соны табады екен.

Сармалайдың аулына жақын жерде Сабыр деген сыбызғышы болады. Сармалай Сабырдың даңқын есітеді. Бірақ Сабыр қазақтың басқа халық композиторлары, әнші-домбырашылары сияқты ел кезуді машық етпейді екен, күй үйренемін деген кісі оны іздеп барады екен. Бір күні Сармалай да Сабырдың аулына барады. Сабыр айтса айтқандай сыбызғының шебері екен. Енді Сармалай оған келіп тұратын болады. Сабыр репертуарын үйренеді. Әрине, бастан қабілетті жас сол алған күйлеріне алғашқы музыкалық кескінін сақтай отыра, өзінен орындаушылық түйін қосады. Ен далада, жаратылыстың кең құшағында, кеудесін толтыра таза ауаны жұтып жүрген Сармалай, сыбызғы сияқты үрлеп ойпайтын аспапта емін-еркін ойнайды. Әрине, кілең мал арасында, кең табиғат құшағында жүрген адам, өзінің өмірлік арманын, түсінігін қиялын жанды табиғат арқылы береді. Табиғаттық объект ол суреткерлер үшін шешуші емес, айтайын дегенін сол арқылы жеткізетін арқау. Адам психологиясы, адамдар арасындағы конфликт, қуаныш пен қайғы жылау мен күлкі, жек көру мен сүйу — осының бәрі де жаратылыс арқылы беріледі.

Сармалайдың бірінші күйі өзінің атымен «Сармалай» болып кетті. Бұл күйдің сюжеті белгісіз. Күй көңілді, сергек автордың бір жеңіс басы сияқты шығармасы болу керек. Әрине, тап осы күйді бірінші рет шығарыпты, тырнақ алдысы осы болыпты деп тұжырым айту бізге қиын. Қалай дегенде де, «Сармалай» күйі автордың аспап техникасын меңгере бастағанын көрсетеді. Сыбызғы сияқты соңғы уақыттарда сиреп бара жатқан аспапта ондай күй қалдырып кету жәй, құбатөбел суреткердің қолынан келмейді.

Сармалай алғашқы творчестволық дәуірінде, халық композиторларының көбіне тап — өзіне шейінгі халық арасына тарап келген аңыздардың, сол аңыздар бойынша орындалып жүрген күйлердің жана варианттарын шығаруды көздейді. Бұл жағынан Сармалайды қызықтырған «Нар идірген» аызы болады.

«Жалғыз аруанасы, қызынан басқа ешкімі жоқ

шалдың бір күні басына қара бұлт жиғалады. Ботасы өліп аруана суалып кетеді. Оны сойып жесе, аржанында адалға қарасы жоқ, соймағанда ішегін тамағы жоқ болады. Осылай сасып отырғанда қолдарына домбыра ұстаған бір шал мен жас жігіт келеді. Домбырашы шал: «Қызыңды маған әйелдікке берсең нарынды иітіп беремін» дейді. Қыздың әкесі не дерге білмей, аңырып қалғанда, қыз тұрып: «Әке солай-ақ болсын, домбырашы шалдың айтқанына көне бер» дейді. Домбырашы шал бір күйді тартады. Біраздан кейін нардың емшегін ұстап, тері көнекті тосып тұрған қыз емшекке сүттің келіп құйылғанын сезеді. Бірақ сыр бермей, емшекті бар әлімше қысыл ұстап тұра береді. Домбырашы шал шаршай, домбыраны жігітке береді. Жігіт кішкене тарта бастағанда-ақ қыз нардың емшегін парлатып сауа бастайды. Домбырашы шал бос қалып, қыз жігітке шығады. Нар сүт беріп, олар енді скеудің орнына үшеу болып аман есін күнелте береді».

Сармалай осы аңызға күй шығарады. Онда аруанаға «көс-көс» деп адам даусынша «айтып тұрған» үндер, қыз беп жігіттің бірі-бірі үнсіз түсінген жабық сырлары, бастағы, аштан өлу қауіпі төнумен байланысты қауіпті кезеңдер, соңғы кезең: жаратылыс күшін жеңіп, ботасыз нарды идіріп жіберген музыканың сикырлы күші, лирикалық жәйда суреттелген жастардың жүректерінің жеңісі — бәрі де күйдің музыкасында өтіп отырады. Күй сырттай қарағанда біркелкі мелодиялық түрде, біркелкі ырғақта сияқты болып көрінеді. Ол әсіресе нотаға түскенде, орындаушының жан беріп, «сөйлеткен» кезеңін көріп есітпегенде солай көрінеді. Бірақ «Ақсақ құлан — Жошы хан», «Тепең көк» күйлері сияқты, сыбызғышы арасында әңгімесін айтып отырып орындағанда барлық музыкалық сыры анықталады. «Нар идірген» күйі, домбырада тартылсын, қобызда тартылсын, сыбызғыда орындалсын, халықтың аса құрметпен тыңдайтын шығармаларының бірі, аңыз күйлердің ішіндегі «семіздерінің» бірі.

Сармалайдың қызықты күйлерінің бірі — «Бұлбұл». Бұл аттас күй домбырада да кездеседі, басқа авторларда да бар. Күшті домбырашылар Бапас, Дина және басқалар өздерінің осы аттас күйлерінде бұлбұлдың сайрауын шебер-ақ берген. Бірақ бұлбұлдың сайрауы сыбызғыда өзгеше, өзінің табиғи түрінде шығады. Бұл

арада үрлеп ойнайтын аспаптың акустикалық қасиеті алға шығады. Сыбызғыда құстардың әндері, желдің суылы, судың сылдыры, айуандардың, аңдардың дыбыстары жақсы шығады. Әрине, Сармалай бұл арада тек бұлбұлдың сайрауын көрсететін сырттай еліктеумен қанағаттанған жоқ. Ол әдемі, созылған, толқығап лирикалық мелодия да береді. Сол бір музыкалық образ арқылы ол «даланың артисі» мен» үн қосқысы келеді. Елде жақсы әлшілі де, сөзді тауып айтқан кісіні де «бұлбұлмен» теңейтінінің жәй емес екенін Сармалай сезген болу керек. Сондықтан ба, күйшінің осы бір шығармасы аса көркем, сұлу әндей болып шықты.

Осылай бір-екі күйдің басын қайырғаннан кейін Сармалай өзінің қолындағы аспабының әлі де творчестволық құлашты ойдағыдай керуге мүмкіншілік бермейтінін сезді. Қалай да аспабын шынықтыру мақсатында болды.

Жалпы сауаты да, әсіресе музыкалық сауаты да жоқ Сармалай, жартысын ыммен түсіндіретін бір-екі ауыз орысшасынан басқа нәрседен құр алақан екендігіне налыды. Бірақ музыкалық қабілет тағы да жетелеп алып келіп, аз да, арықта болса, жана жеңістің үстінен шығарды. Көп ойлап, көп ойнап келіп, Сармалай сыбызғының бұрынғы үш-төрт тесігінің үстіне тағы екі-үш тесік қосты. Сонымен сыбызғының үстінде (қолға ұстаған түрінде) алты тесік, олардан жоғары астында бір тесік пайда болды. Ол тесіктер сыбызғының дыбыс көлемін керекті дыбыстарды алу жолын бұрыныдан кеңітті. Әсіресе астыңғы жоғарғы тесік дыбысты тағы бір октава көтеріп, бұрынғы қоңыр ғана дыбыстарға қосымша қыз даусындай шырқалған жоғары дыбыстар беретін болды. Сөйтіп, сыбызғының дыбыс көлемі кеңіюмен байланысты бірнеше түрлі бояулы дыбыс регистрі пайда болды. Енді автордың творчестволық планын жүзеге асыруда қаруға қару қосыла түсті. Сармалайды бұл бір жеңіс біраз көтеріп тастады. Жас баладай мақтанып, алдында тау тұрса да құлатқандай жігерге мінді.

Сармалай енді малшылар ортасында болатын сюжеттерден тағы бір күй шығару талабына кірісті. Адамның терең, күшті не бір сезімдерін сыбызғы арқылы беруді арман етті. Домбырада көп тартылатын «Қара жорға» күйі Сармалайды тартты. Ол сыбызғыда осы аттас күй шығарды. Домбырадағыдан айырмасы, мұнда жорғаны

мініп келе жатқан адамның жан дүниесінің сәулесі бардай. Жер дүрсілдетпейтін жануардың үстінде рахаттанып, шырқап салып келе жатқан әннің музыкасы бар. Домбырада болса жорғаның жүрісін оң қолдың қағысы арқылы, ырғақ арқылы береді. Ал сыбызғы кантиленалық (созыл, шырқап дыбыс шығаратын) аспап. Қазақта тек атты ғана емес, әнгіменің «майың тамызып» айтатын адамды да «жорға» демей ме. Сол сияқты Сармалайдың «Қара жорға» күйінің музыкасында да майы тамып тұрған поэзия бар десек қателеспейміз.

Сармалайдың осы бағыттағы күйінің бірі — «Қоңыр бұқа». Оның сюжеті Қазақстанның шығысында айтылып жүрген «Көк бұқа» сюжетімен ұштасады. Халық аузындағы аңыз бойынша бір ауылдың бар сиырып жау айдан кеткенде ішінде бір көк бұқа бірге кетеді. Көк бұқа өз сиырларын қасқырларға да, басқа аңдарға да бермейді. Бір күні көк бұқа сиырды ертін қашып, өзінің елін табады. Күйде сиырдың жөңкіген жүрісі, бұқаның өкіргені сияқты жаратылыстық дыбысқа еліктеумен қатар лирикалық кезеңдер де үлкен орын алады. Айуан болғанымен де өзінің туған жерін аңсап, ақырында тауып келуі — күй мақсаты тек бұқа образын жасау емес, сол арқылы Отанын, жерін, елін сүю желісіне құрғандығын сипаттайды. Күйдің осындай сырын түсінбеген кейбіреулер радиодан мал шаруашылығы жөйінде берген передачаларында «Көк бұқаны» немесе «Қоңыр бұқаны», «мал өсірудің бас ұраны» есебінде береді.

Сармалайдың бұдан кейінгі шығарған күйі «Шал бүркіт» күйі. Біреудің бүркіті болады. Ол жас кезінде қоян, түлкі, қасқырдың тажалы болады. Бірақ күйрегінің қауырсыны түсіп, азайып, бүркіттің қолуы қиын болады. Бір күні әлгі бүркіт ауылды айналып ұшып, қона алмай, бір түрлі жылағандай шыңғырған дауыс береді. Қожасы жүгіріп шыққанда бүркіт оған жақын келіп, тағы біраз айналып жүріп, ақырында әбден әлі кеткенсін жерге жақындап келіп торс етіп құнайды. Бүркіт өмінен өтетін өткір көзімен қожасына қарайды да, біраздан соң көзінің жанары сөніп, не қанатын, не аяғын бір де серіппей өліп кетеді.

Сармалайды мына аңыз қызықтырады. Ол өзінің шамасы жеткенінше бұл сюжетті сыбызғыға түсіргісі келеді. Бұл күйде де құс даусына еліктеу, бейнелеу сияқты кезеңдермен қатар, адамшылық, аяу, жылы дыбыстар

да бар. Өлімді тыпыр етпей, сыр бермей, ерлікпен қарсы алған долы құстың образы адамға керекті сабырлықтың бейнесін көрсеткендей. Күйдің кей жеріндегі қажырлы мелодиялық өршулер осындай жағдайды мензейді.

Бакташы болып жүрсе де, Сармалайдың аты халық арасында үлкен құрметпен аталатын болады. Музыка құмар адамдар талай алыс жерлерден оның күйін тыңдауға келіп жүрді. Сармалай енді курайдан жасалған сыбызғыларымен қатар ағаштан ішін ыссы темірден күйдіріп үңгіп, сыбызғы жасайды. Біреулердің ақылы бойынша оның сыртынан қойдың өңешін қаптайды. Өңеш дыбысты жаңғыртып, сыбызғының үнін бұрынғыдан күшейте түседі. Ағаштан жасалған сыбызғы қыстың күні аязда, жаздың күні ыссыда, баптап ұстаса, ауаның андай-мұндай өзгерістеріне берілмейді. Ағаштың ішкі қуысы күйдіру арқылы тегіс болған себепті дыбысы да өңделеді. Әрине, курайдың қоңыр дыбысының орнына кішкене қаттырақ дыбыс пайда болады. Бірақ аспаптың дамуы үшін ондай кейбір керекті де болса садақаға шығаратын кезеңдер аспап тарихында жоқ емес. Сармалай оларды оқып білмесе де сезімі осылай жөнге жетелейді.

Жетпісінші жылдардың басында Сармалайдың ұлы Халық ер жетеді. Ол әкесінің орнына Петушканың сиырын бағып, әкесінің мойнын босатады. Сармалай пәлен жылдан бергі табысына алған құла құнанына мініп өмірінде бірінші рет алыс сапарға аттанады. Жайықтың суын кесіп өтіп, Маңғыстау жаққа барады. Онда біраз жүріп, сыбызғы тартып, Еділге келеді. Еділ бойындағы башқұрттармен танысады. Сармалайдың «Естек күй» деген шығармасы осы сапарда туған деседі (Башқұрттарды бұрын Естек деген А. Ж.). Сыбызғыда ойнауда башқұрттар қазақтан асып түспесе кейін қалмайды. Сыбызғы оларда әлі күнгі халық арасына көп жайылған аспап.

Ауылдан ұзап шығып жер көру, ел көру Сармалайдың көңілін көтерді. Өмірлік, музыкалық тәжірибесін байытады. Не бір ұлы домбырашылармен танысу Сармалайдың ой шеңберін кеңейтіп, ақылына ақыл, өнеріне өнер қосады. Сармалай енді артына қарап, өткен «отырықшылық» өмірін шолиды. Сыбызғының шын мәнісінде өнер екенін, адам өмірінің ең керекті нәрсесі екенін, жаратылыстағы басқа қара күштермен күресуде бірден бір құрал, қару екендігін түсініп, көзі ашыла бастайды.

Осы сапарында Сармалай Сансызбай деген бір сараң байдың үйіне келіп түседі. Жиналған халық алдында Сармалай талай жақсы күйлерді орындайды. Отырғандар ауыздарының суы құрып тыңдайды. Жайылған орамал үсті тиын, сақина, кестелеген бет орамалдарға толады. Бірақ Сансызбай ешнәрсе бермейді. Ол Сармалайға таң болғанымен отырғандарды таң қалдырмайды. Өйткені олар Сансызбайдың безбүйрек екенін біледі. Ол кезде әншінің де, күйшінің де, жыршының да, әңгімешінің де, масқарапаздың да күн көруінің көзі осылай «еңбекақы» жию болатын. Міне, Сансызбайларға есесін жібермейтін өз тұастастарының дәстүрлеріндей, Сармалай да бір жоспарды ойлап қойды. Ертемен тұрып, сыбызғыда тағы бір күй тартты. Оны тыңдаушыларға түсіндіргенде, күй Сансызбайдың сарандығына арналған болды. Сармалай оны жүрген жерінде әңгімелеп, орындап жүретінін баяндады. Мұны есіткен бай жалма-жан Сармалайды қонақ етіп, сыйлап, үстіне шапан жауып, халыққа сарандығымды паш етеді деп қорықты. Осындай сюжетке арналғаннан ба, шынында да «Сансызбай» күйі мелодикалық, ырғақтық жағынан біркелді, даму кезеңдері де Сармалайдың басқа күйлерінен жұбаулау. Сансызбайдың топас, сараң, тайыз, ұсақ адам екендігін қалай дегенмен де Сармалай елге жая, әшкерелей жүрді. Бірақ уақыт өте келе, жаны таза суреткер Сармалай, күйдің негізгі текстің толықтырып, оған адамшылық, азаматтық мазмұндар беріп, Сансызбай кескінін суреттейтін жерлерін барынша кеседі.

Жетпісінші жылдардың ортасында Сармалай еліне қайтады. Ол бұдан былай ешқайда шықпайды, бұрынғыдай өз аулында сыбызғысын тартып жүре береді. Сармалай енді бақташы емес, еркін адам болады. Аспабын дамыта беруге одан әрі шамасы келмейді. Бірақ малшылықтан қолы босап, біржолата сыбызғымен отыру оның творчестволық жұмысының жемісті болуына жағдай болады.

Басқа өз тұастастары сияқты, Сармалайдың қырағы көзі айналасындағы әділсіздікті, теңсіздікті көреді. Әсіресе қазақ қыздарының басындағы теңсіздік Сармалайды қозғайды. Ол сыбызғыда «Мұңды қыз» атты күй шығарады.

Бұл аттас күй Бапаста да бар. Бірақ Сармалайдың күйі сыбызғы табиғатының адам үніне жақындығынан

ба, көздеген нысанасының үстінен дәл түскен шығарма сияқты. Күйдің басталудағы бірнеше тактылық кіріспесінің өзі тыңдаушыны билеп алады. Үлкен ауыр оқиғадан хабар береді. Одан әрі күй қыздың зарын береді. Ел-жұртымен, туып-өскен жерімен қоштасып жылаған қыздың зарын есітесін. Мелодиясы өткір, оның даму жолы заңды күй; музыкасының кеуде керіп алғандай кең демі, «артында ор, алдында көр» тұрған ол бір заманның азған заңының қолына түскенді құтқармас жезтырнағының уы батқан жанның соңғы деміндей қорытқан күйдің соңғы буыны бұл күй «бірінші қараған кісіге кішкене, шағын шығарма сияқты болып тұрғанымен, шынында үлкен, қомақты, симфониялық дәлі, элементі бар шығарма екенін көрсетеді. «Мұнды қыз» Сармалай шығармаларының шыңы, кульминациясы десек артық болмайды. Қазақстан композиторларының бұл шығарманы бірден пазарларына алуы да кездейсоқ «өгіз оғы» емес, адам жанын жебеген, жүрегін қозғаған шығарма болудан келіп туған дегіміз келеді. Шын шебердің қолына түссе, «Мұнды қыз» әлі де талай тарих беліп сызылта, шырқата алады.

Сармалай 1885 жылдар шамасында қайтыс болды. Жоғарыда баяндалғандардан басқа оның күй қорында: «Қоңыр», «Шоңай», «Қарағаш» деген күйлері қалды. Сармалайдан оның сыбызғы тартуын, күйлерін үйренген Жарықбастың Ерғалы және Бәли болады. Ерғалидан «Жошы», «Шанды көл» деген күйлер қалды. Бәли тек орындаушы болды. Бірақ жәй, қатардағы емес, үлкен орындаушы болса керек. Бәлиден Сармалайдың күйлерін оның баласы Ысқақ алады.

Бізге Сармалайдың өмір тарихын, оның күйлерін жеткізіп беруші осы Ысқақ Бәлиев. Ол 1934 жылы Алматыда болып өткен I-і Бүкілқазақстандық халық өнерпаздарының слетіне келіп, содан сол жылы ұйымдасқан Құрманғазы атындағы халық аспаптары оркестрінде жұмыста қалып қойды. Ысқақ айта қалғандай сыбызғышы, шын мәнісіндегі виртуоз-музыкант болатын. Ол 1942 жылы Отан Соғысы майданына барып, ерлікпен қаза тапты. Елуінші жылдардың ортасынан ауа бере Алматыға келген сыбызғышы Оспанғали Отан соғысы майданынан қайтқасын сыбызғыны тастап кетіп, оның үстіне үрлеп ойнайтын аспаптарда орындаушыларға керекті бірінші нәрсе болып есеңтелетін — тісі түсіп

қалып, сыбызғыны көңілдегідей орындай алмады. Оспанғалидың сыбызғысы қысқа, тесіктерінің саны аз, орындайтын күйлерінің көлемі тым шағын, мелодиялық жағы кедей болды. Оспанғали сыбызғы үйреткен Алматы консерваториясының студенттерінен бірен-сарандары ғана осы кезде сыбызғыда орындап жүр. Сыбызғы Құрмапғазы атындағы халық оркестрінде де жоқ. Консерваторияның жанындағы халық аспаптарын зерттеп дамытатын мастерской да осы күнге шейін сыбызғының орындауға ыңғайлы, дыбысы күшті жана түрін жасап шығара алмай келеді. Қысқасы, қазақтың халық аспаптарының бірі — сыбызғы осы күнге шейін өзінің тиісті орнын сахна төрінен жеке де, оркестрде де ала алмай келеді.

Оспанғали сол келгенінде сыбызғы күйлерінен Қазақстанның шығысында көп тараған: «Балжынкер», «Жорға аю», «Мылқау күйі», «Жетім қыз», «Аққабаның толқыны», «Көкбесті», «Зарлы әйел», «Боз інген» тағы басқа біраз күйлер беріп кетті. Бұл күйлердің әрқайсысының өте әдемі, қызықты сюжеттері, желілері бар. Бұл күйлерде де аттары жаратылыспен байланысты болағанымен негізгі объектінің бәрі де адам, қоғам өмірі. Жігіттің атын шығарған жүйрік, адамды жеп, жара салған аң, сыбызғы үнімен тілсіз сөйлесіп, сүйгенімен түсініскен жігіт, жетім қалған қыз, түрімен адамды елестететін жақсы ат, тілсіз жаудағы балашы тартып кеткен көл тағы осылар сияқты өмірдің не бір көзге көрінбес қатпарларын, қойнауларын шарлайтын сюжеттерге құрылған күйлер.

Сыбызғы мәдениетін халық арасына сіңіруде, жаюда сыбызғыда ойнау техникасын біраз ілгерілетуде Сармалайдың, оның бержанындағы Ерғалидың, Бәлідің, әсіресе мезгілсіз қаза болған Ысқақтың орындары үлкен. Дүние жүзілік прогресшіл мәдениеттің шын мұрагерлері — советтік адамдар осылардың өмірлерін, творчестволық жолдарын әлі де терендей зерттеуге, дамытуға, сыбызғының көркем музыкасын коммунизм мәдениетінің кәдесіне жарату жолында ат салысуға міндеттіміз.

